

Сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау, лицензияның қолданылгудын тоқтату және қайтарып алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 92 қаулысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1520. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы №N 11 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қантардағы № N 11 қаулысымен.

11

Қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

1. Сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесі бекітілсін, ол және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт кун өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Күрманов Ж.Б.):

1) Зан департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына және сақтандыру брокерлеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Y JL T T YI K

Б а н к

Төрағасы

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2001

жылғы

9

сөздегі

N

92

қаулысымен бекітілген

**Сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау,
лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу
ережесі**

Ескерту: Мәтін бойынша "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталды- ҚР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

1. Негізгі ережелер

1. Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру брокерінің қызметін лицензиялау тәртібін белгілейді.

2. Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті орган берген лицензиясы бар (бұдан әрі - лицензия) заңды тұлға сақтандыру брокері болуға құқылы .

Сақтандыру брокерінің лицензиялық ережелерді сақтауын бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Лицензиялау тәртібі

3. Лицензиат лицензия алу үшін уәкілетті органға Заңың 37-бабында көзделген құжаттарды ұсынуға тиіс.

4. Лицензия алуға өтініш осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысанда жасалады .

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

4-1. Жарғылық капиталдың ең аз мөлшерінің толық төленгенін растайтын құжаттар мүналар :

жарғылық капитал қолма-қол ақшамен төленетін болса - төлем құжаттарының көшірмелері, сондай-ақ сақтандыру брокерінің ағымдағы банк

ш о т ы н а н

ү з і н д і

ж а з б а ;

жарғылық капитал қолма-қол ақшадан басқа өзге мүлікпен төленетін болса - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалаушы берген құжат болып та б ы л а д ы .

Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

4-2. Сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлері лауазымына тағайындалатын (сайланатын) адамдар туралы мәліметтер қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін келісу тәртібін реттейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

Лицензиаттың басшы қызметкерлері Заңың 34-бабында белгіленген талаптарға сәйкес болулары тиіс.

Ескерту: 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

5. Лицензия алуға құжаттар жауапты және қарауды әрбір өтініш бойынша өз қорытындысын жасайтын уәкілетті органның бөлімшесі жүргізеді.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

6. Лицензия беру туралы өтінішті құжаттардың толық топтамасы берілген күннен бастап екі айдың ішінде уәкілетті орган қарауға тиіс.

7. Өтініш берушінің құрылтай құжаттарында сақтандыру брокерінің қызметі ерекше болып табылатыны және қандай да бір басқа қызметпен қоса атқаруға болмайтыны туралы ереже болуға тиіс.

8. Заңың 38-бабында көзделген негіздер бойынша лицензия беруден бас тартылады.

9. Лицензияны осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті мемлекеттік орган береді.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

10. Лицензия иеліктен алынбайды, яғни оны лицензиат басқа заңды және жеке тұлғаларға бере алмайды және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

11. Лицензия беру (қайтарып алу) туралы шешім уәкілетті мемлекеттік органның ресми басылымдарында - жарияланады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Қаржырын және қаржылық

Ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

12. Уәкілетті мемлекеттік орган өзі берген (қайтарып алған) лицензиялардың тізілімін жүргізді.

13. Лицензия жоғалған жағдайда сақтандыру брокері оның көшірмесін алуға күкүлі. Уәкілетті мемлекеттік орган он күннің ішінде сақтандыру брокерінің жазбаша өтініші бойынша лицензияның көшірмесін береді.

14. Сақтандыру брокері атауын, мекен-жайын өзгертуен жағдайда бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

15. Сақтандыру брокері тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күннің ішінде уәкілетті мемлекеттік орган лицензияны қайта ресімдейді.

16. Лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін лицензиат лицензияны алуға (қайта ресімдеуге, дубликатын беруге) құжаттар пакетімен бірге уәкілетті органға ұсынады.

Ескеरту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - КР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

3. Лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу тәртібі

17. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру брокері лицензиясының қолданылуын тоқтату немесе қайтарып алу туралы шешімді Занда көзделген негізdemeler бойынша қабылдайды.

18. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешімде лицензияның қолданылуын тоқтату негізdemelerі мен мерзімі көрсетілуге тиіс.

19. Сақтандыру брокерінің атқару органына лицензияның қолданылуын тоқтату шешімі жөнінде хабарланған күннен бастап оның қолданылуы тоқтатылды деп саналады.

20. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ақпарат екі республикалық газетте жарияланады.

21. Лицензияның қолданылуын тоқтатуға негізdememe болып табылған заң бұзушылықты жойғаннан кейін сақтандыру брокері лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімі өткенге дейін лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімін қайта қарau не оның қолданылуын қалпына келтіру туралы өтініш беруге күкүлі.

22. Сақтандыру брокері лицензияның қолданылуын тоқтатуға негізdememe болып табылған заң бұзушылықты жойғанына айғақ болатын құжаттар ұсынған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі өз

қорытындысын даярлайды, соның негізінде уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы.

23. Уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын тоқтатуға негіздеме болып табылған заң бұзушылықтың жойылғаны туралы ақпаратқа растау алу мақсатында сақтандыру брокерінің қызметіне инспекциялық немесе басқа да тексеру жүргізуға құқылы.

Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі өз қорытындысын даярлайды, оның негізінде уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім қабылдауға құқылы.

24. Уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімін қайта қараша немесе лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы сақтандыру брокерінің өтінішін қарашаға және өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей тиісті шешім қабылдауға міндetti.

25. Уәкілетті мемлекеттік органның лицензияны қайтарып алу туралы шешімінде Заңда көзделген оны қайтарып алу негіздемесі көрсетілуі тиіс.

26. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру брокерінің лицензиясын қайтарып алу туралы шешімі оның сақтандыру брокерінің басқару органына жіберілген немесе баспасөзде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді. Лицензияны қайтарып алу туралы ақпарат еki республикалық газетте жарияланады.

27. Уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша сақтандыру брокерінің лицензиясын қайтарып алудың Заңың 56-бабында көзделген салдары болады.

4. Қорытынды ережелер

28. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер заннамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 92
қаулысымен бекітілген Сақтандыру
брокерінің қызметін лицензиялау ережесіне
1 қосымша

Ескерту: 1-қосымшаның жоғары оң бұрышындағы "N" белгісі алынып тасталды - ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының сақтандыру
қызметін реттеу және қадағалау бойынша
уәкілетті мемлекеттік органының басшысына

ӨТІНІШ

(сақтандыру брокерінің толық атауы)

сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруді
сұрайды.

Осы өтінішті ресімдеуге құқық берілген адам:

(адамның аты-жөні және

өкілеттіктерді алу үшін негіздеме болып табылатын құжатқа сілтеме)

(адамның жұмыс орны, лауазымы, үйдің толық мекен-жайы)

Құрылтайшылар өтінішке қоса берілген құжаттардың және ақпараттың
сенімділігіне, сондай-ақ өтінішті қарauғa байланысты сұратылатын қосымша
ақпарат пен құжаттардың сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау бойынша
уәкілетті мемлекеттік органға уақтылы ұсынылуына толық жауап береді.

Қосымша: (жіберілеттің құжаттардың атауларын, олардың әрқайсысы
бойынша даналардың және параптардың санын тізіп көрсетіңіз):

(құрылтайшылар атынан өтінішті

беруге уәкілетті адамның қолы, құні)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 92 қаулысымен бекітілген Сақтандыру
брокерінің қызметін лицензиялау ережесіне
N 2 қосымша

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы рыногын және
қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының
2004 жылғы 12 шілдедегі N 198 қаулысымен .

(Қазақстан Республикасының
мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланкіге басылады)

**Сақтандыру брокері қызметін жүзеге
асыру құқығына берілген
ЛИЦЕНЗИЯ**

Лицензия N_____

(сақтандыру брокерінің толық атауы)
берілді.

Сақтандыру брокерінің мекен-жайы _____

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады

Лицензияның қолданылу мерзімі - мерзімсіз

Лицензия иеліктен шығарылмайтын, яғни лицензиат басқа жеке және
занды тұлғаларға бермейтін болып табылады.

Лицензияны берген орган _____
(лицензиар органының толық атауы)

Лицензияның берілген күні - "_____" 200____ жыл.

Лицензиар органының басшысы (уәкілетті тұлғасы)

Мөр орны

Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК